

ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ ЕСКЕРТУЛЕР



Электр тоғынан зақымдалу қаупі!

Бұл – электрлік құрылғы, сондықтан ол электр тоғына түсуге себеп болуы мүмкін.

Сондықтан, осы қауіпсіздік туралы ескертулерді ұстануыңыз керек:

- Құрылғыны ылғал қолдарыңызбен ұстамаңыз.
- Еденде жалаң немесе су аяқпен тұрып, құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Ешбір жағдайда аппаратты суға салмаңыз.
- Розеткадан вилканы шығару үшін, электр қуатының шнурын немесе құрылғының өзін тартпаңыз.
- Егер розетка мен құрылғының штепсельдік вилкасы үйлеспеген жағдайда, розетканы ауыстыру үшін білікті маманға жүгініңіз. Адаптерлерді, үш айырды немесе ұзартқыштарды пайдалануға кеңес берілмейді.

Су құю немесе толтыру үшін, сөндіргіштің көмегімен үтіктеу жүйесін сөндіріңіз және розеткадан вилканы суырып тастаңыз.

- Қандай да бір қауіптің туындауының алдын алу үшін зақымдалған вилкаларды немесе шнурды алмастыруды тек компанияның техникалық қолдау қызметі ғана орындауы тиіс.
- Тазалау немесе техникалық қызмет көрсету бойынша кез келген әрекет жасаудан бұрын, әрдайым вилканы электр розеткасынан суырып тастаңыз.

Пайдалану кезінде, қысым түскен саңылаулар толтыру, қақты жою, шаю немесе қарау үшін ашылуы тиіс.

- Пайдаланбас бұрын, электр желісіндегі кернеудің құрылғының төлқұжат тақташасында көрсетілген мәнге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Құрылғыны барлық ережелерге сәйкес бекітілген және ең төменгі тоқ мөлшері 10 А болатын жерге

дұрыс тұйықталған розеткаларға ғана қосыңыз.



Осы таңбамен белгіленген беттер

пайдалану

барысында ыстық болады (бұл таңба тек кейбір үлгілерде ғана бар).

- Адамдарға немесе жануарларға қарай буды бағыттамаңыз.

Электр желісіне қосулы кезде, үтікті қараусыз қалдырмаңыз.

Желіден қуаттанған немесе суып тұрған құралға қолжетімділік 8 жастан төмен балаларға шектеулі екеніне көз жеткізіңіз.

- Құрылғы жұмыс істеп тұрғанда, бойлерді жылжытпаңыз.
- МАҢЫЗДЫ! Жалғағыш түтік үтік-бойлер қызып кетуі мүмкін.
- Үтік табанының электр шнурларымен қандай да бір байланысына жол бермеңіз.



Маңызды

- Құрылғыны алғаш пайдалану кезінде, қаптамасын шешкеннен кейін, оның тұтастығын тексеріңіз; күдік болған жағдайда, оны пайдаланбаңыз және білікті маманға жүгініңіз. Қорғауышты табанынан шешіп тастаңыз.
- Целлофан пакетті алып тастаңыз, ол балалар үшін қауіпті болуы мүмкін.

Құралды 8 жастан кіші балаларға, қабылдау деңгейі және психофизикалық мүмкіндіктері төмен немесе тәжірибесі мен білімі жетіспейтін адамдарға олар қатаң бақыланған жағдайда және оларға өздерінің қауіпсіздіктеріне жауапты адам үйреткен жағдайда

пайдалануға рұқсат етіледі. Балаларды қадағалаңыз, олар құрылғыны ойыншық ретінде пайдаланбайтынына көз жеткізіңіз. Тұтынушылық тазалау мен техникалық қызмет көрсетуді балалар бақылаусыз орындай алмайды.

Құрылғы сенімді, жоғары температуға тұрақты жазықтықтың үстінде пайдаланылуы және жұмыс үзілістерінде орналастырылуы тиіс.

Үтікті тіреуішке қойған кезіңізде, құрылғы тұрған жазықтықтың үсті тұрақты екеніне көз жеткізіңіз.

- ЕШБІР ЖАҒДАЙДА үтікті көлденең қалыпта

қоймаңыз!

Құрылғы құлаған болса, онда айқын зақымдар көрініп тұрса немесе одан су ағып тұрса, пайдаланылмауы тиіс. Үтіктеу жүйесі құлап, көзге көрінетіндей етіп сындырған жағдайда (бойлер немесе үтік) оны пайдаланбаңыз және құрылғыны өкілетті сервис орталығына жеткізіңіз.

Пайдалану мақсаты

- Құрылғы өзі тағайындалған мақсаттарда ғана пайдаланылуы тиіс. Кез келген басқа қолданыс дұрыс емес және қауіпті болып есептеледі.
- Өндіруші орынсыз, қате және дұрыс емес пайдаланымнан туған болжалды зиян және біліктілігі жоқ персонал жасаған жөндеу жұмысы үшін жауапты болмайды.

СИПАТТАМА

(*тек кейбір үлгілерде ғана)

Құрылғының сипаттамасы

(3-бет. қар.)

- A Үтікке арналған сүйемел
- B Суға арналған бак қақпағы
- C Қаққа қарсы жүйеге арналған қорғаушы тығын
- D Түтікке арналған бекіткіш
- E Электр қуатының шоғырсымына арналған бөлік
- F Басқару панелі

Басқару панелі

- G ҚОС/СӨНД сөндіргіші ①
- H Қосу индикаторы ①
- I “Бу дайын” индикаторы 
- J “Судың жоқ” индикаторы 
- O* OPTIMAL STEAM ECO түймесі

Үтік

- K Үтіктің электр қуатының индикаторы
- L Бу беру түймесі
- M Термореттегіш тұтқа
- N* Үздіксіз бу беру реттегіші

ПАЙДАЛАНУҒА ДАЙЫНДЫҚ

Қандай суды пайдалану керек?

Құрылғыда қарапайым шүмек суы қолданылады. Егер суда тұз көп болған жағдайда (қаттылығы 27°F-тан жоғары) 50%-ға шүмек суымен араластырылған тазартылған суды пайдалануға кеңес беріледі. Ешбір жағдайда араластырылмаған тазартылған суды пайдаланбаңыз. Химикаттар мен жуғыш заттарды (мысалы, үрлегіштер, эссенциялар, қақ пайда болуға қарсы ерітінділер және т.б.) қолданбаңыз.



Маңызды!

Минералды суды немесе судың өзге типтерін (мысалы, жаңбыр суын, аккумуляторларға, салқындатқыштарға арналған суды және т.б.) пайдаланбаңыз.

Бакты толтыру



Қауіпті!

Қуат шоғырсымының вилкасы желі қуатының розеткасынан ажыратылғанына көз жеткізіңіз.

- Суға арналған бак қақпағын ашыңыз (1-сур.) және бакта МАХ деңгейі белгісінен асырмастан, оны талтыруды бастаңыз (2-сур.).
- Құрылғыны электрлік розеткаға қосыңыз.
- Әр жаңадан үтіктеген сайын (және алғаш пайдаланған кезде) немесе егер бу бірнеше минут берілмеген болса, үтікті үтіктеу тақтасына теріс қарату арқылы бу түймесін бірнеше рет басыңыз. Бұл бу өтетін контурда сұйылтылған суық суды жоюға мүмкіндік береді.



Ескеріңіз:

Алғаш пайдалану кезінде, жаңа құрылғы бойлері бос болады. Бойлерді алғаш толтыру кезінде сумен алмастырылатын ауаны алғаш толтыру кезінде бойлерден шығару үшін, қыздыруға көбірек уақыт қажет болатыны ескерілуі тиіс. Толтыру/қыздыру кезінде сорғының дыбысы естілуі мүмкін, бұл қалыпты жағдай.

Сондай-ақ, алғашқы толтырылған су келесі құюлардан айтарлықтай жылдам шығындалады.

БУМЕН ҮТІКТЕК

- ҚОС/СӨНД сөндіргішін басу арқылы аппаратты қосыңыз (G) (3-сур.) - әр түрлі үлгілерде ерекшеленуі мүмкін: басқару панеліндегі индикатор ① (H) және (K) үтіктегі индикатор жанады.
- Кейбір үлгілерде ғана: егер "OPTIMAL STE-AM" режимінде үтіктеу керек болса, тиісті (O*) түймені басыңыз (4-сур.).
- Үтікте индикатордың қосылуын ☼ (I-будың дайындылығы) және сөнуін (K) күтіңіз (5-сур.).
- Бу берілу үшін тұтқада орналасқан (L) бу түймесін басыңыз (6-сур.).



Ескеріңіз:

- Алғаш рет қосу кезінде құрылғы бойлер мен үтікті құрастыру кезінде пайдаланылатын қызудан және герметиканың кебуінен болған түтін мен иісті бірнеше минут бойы шығаруға болады. Бөлменің ауасын тазартып отыруға кеңес беріледі.

- (I) және (K) индикаторлары үтіктеу кезінде бойлер мен үтіктің температурасына байланысты қосылып, сөніп тұрады. Бұл құрылғының әдеттегі режимі және алаңдаудың қажеті жоқ.
- Бумен үтіктеу кезінде су беру сорғысын қосу және сөндіру дыбысы қалыпты саналады. Бұл бактан бойлерге берілетін бумен байланысты. Бұл құрылғының қалыпты режимі және алаңдаудың қажеті жоқ.
- Әр жаңа үтіктеген сайын (және алғаш пайдалану кезінде) немесе егер бу бірнеше минут берілмеген болса, үтікті үтіктеу тақтасынан теріс қаратып, бу түймесін бірнеше рет басыңыз. Бұл бу өтетін контурда сұйылтылған суық суды жоюға мүмкіндік береді.
- ТЕК КЕЙБІР ҮЛГІЛЕРДЕ: Будың тұрақты берілуі үшін буды үздіксіз беру реттегішін алдыға жылжытыңыз (N*).

Термореттегішті орнату (M)

Термореттегіш тұтқасын (әр түрлі үтік үлгілерінде әр түрлі болуы мүмкін) аталмыш мата түріне келетін тиісті қалыпта орналастырыңыз.




Бу беру үшін, қойылған температура бу символдары көрсетілген бөлікке қарсы болуы тиіс.

Төменде матаға байланысты қажетті температураны таңдаудың қысқаша нұсқаулығы келтірілген:

- ☼ Ацетат, акрил, нейлон, полиэфир, жасанды жібек
- ● ☼ Жібек, жүн
- ● ● ☼ Зығыр, мақта

БАККА СУДЫ ҚҰЯ ТҮСУ



Бактағы су таусылған кезде, тиісті индикатор жанады.

- Бактағы су таусылған кезде, істегі сорғы дыбысы күшейеді. Бұл құрылғының қалыпты жұмыс режимі және

алаңдаудың қажеті жоқ: бакқа дереу су толтыруға ұсынылады.

- «Су жоқ» индикаторы жанған кезде, бакқа тезірек су құю ұсынылады: осылайша қысқа үзілістен кейін үтіктеуді жалғастыруға болады.
- Тербелткіш сорғымен судың жоқтығы индикаторын қосқаннан кейін бұмен үтіктеуді жалғастыруға кеңес берілмейді. Мұндай режимде ұзақ үтіктеу құрылғының ішкі компоненттерінің жоюға болмайтын ақаулықтарына әкелуі мүмкін.

ҚҰРҒАҚ ҮТІКТЕУ

Сусыз үтіктеу үшін, бу беру түймесін баспастан, термореттегіш тұтқасын аталмыш киім түріне жарамды температураға сәйкес қалыпта орнатыңыз.

ҚҰТУ

Бойлерді шаю

Құрылғының максималды дұрыс жұмыс істеуі, будың үздіксіз және ұзақ уақыт бойы берілуі, сондай-ақ энергия үнемдеу мақсаттарында бойлерді әр 10-шы пайдаланудан кейін сумен шайып отыру қажет. Шаю үшін келесі амалдарды орындаңыз:

- Құрылғы толық суығанына, электр желісінен сөндірілгеніне және ажыратылғанына көз жеткізіңіз.
- Суды төгу үшін, шұңғылшаға құрылғыны төңкере отырып, суға арналған бакты босатыңыз.
- Тиынның немесе бұрауыштың көмегімен бойлер тығынын бұрап шығарыңыз (7-сур.).

- Бойлерден суды төгіп тастаңыз (8-сур.).
- Құрылғыны бір жаққа қарай еңкейтеңіз (9-сур.), судың бойлердің сыртына төгілуіне жол бермес үшін, суды құйғыш арқылы (MAX 0,7 л.) құйыңыз.
- Бойлерді толығымен шаю үшін құрылғыны шайқаңыз, кейін суды төгіп тастаңыз (10-сур.).
- Шаюды қайталаңыз.
- Тығынды бойлерді жабатындай етіп бекітіңіз.
- Келесі үтіктеу алдында бөліктердің ішінде қалған шөкпелерден жүйенің тұтас контурын тазалау үшін, бірнеше секунд бойы буды босқа беріңіз.

Тазалау

- Табан бетін үнемі тазалықта ұстау қажет: тазалау үшін оның суық бетін ылғал матамен сүрту қажет.
- Құрылғыны қақты кетіруге арналған құралмен тазартпаңыз.

Үтіктеуден кейін

Үтіктеуді аяқтағаннан кейін үтіктеу жүйесін жинап, суға арналған бактың ішіне сорғының жұмыс ақаулығына әкелуі мүмкін шаңның және бөгде заттардың түсуіне жол бермес үшін, лючокты сенімді жабу қажет. Үтікті сүйемелге қойыңыз және жинап тастамас бұрын, жүйенің суығанын күтіңіз.

Құрылғыны сақтау үшін дұрыс жинау үшін, бекіткіштегі түтікті бекітіңіз В және қуат шнурын орағышқа ораңыз D. Құрылғыны құрғақ жерге сақтаңыз.



Ескеріңіз:

- Үтіктеу аяқталғаннан кейін бойлерде қалған суды құйып алу міндетті емес. Мұны құрылғы ұзақ уақыт бойы қолданылмаған жағдайда жасауға кеңес беріледі.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Өнім түрі	өнімдегі жапсырмаға қараңыз
Үлгі	"
Кернеу	"
Жиілік	"
Тұтынылатын қуат	"

Қытайда жасалған
De'Longhi Appliances s.r.l.
via L.Seitz, 47 31100 Treviso Italy

Де'Лонги Апплайансиз с.р.л.
Виа Л. Зейц, 47 31100 Тревизо Италия

Ресейге, Белоруссияға және Қазақстанға
импорттаушы:

«Делонги» ЖШҚ, Ресей, 127055, Мәскеу қаласы,
Сущёвская көшесі, 27/3-үй (27-үй, 3-құрылым)

Тел.: +7 (495) 781-26-76

Бұл құрылғы пайдалану нұсқаулығында
көрсетілгендей жолмен пайдаланылады. Өнімнің

мерзімі сатып алынған күннен бастап 2 жылға
созылады.

Өнім шығарылған күн өнім жапсырмасының бетінде
немесе оның қасында көрсетілуі мүмкін (Сериялық
нөмірі: ASSCC, бұл жерде А – өнім жасалған жылдың
соңғы саны, SS – өнім жасалған апта, CC – басып
шығару күні, 1992 жылдан бастап автоматты түрде
есептеледі. Мысалы: Сер.№ 30411, өнім жасалған
жыл – 2003, өнім жасалған апта – 4



МӘСЕЛЕЛЕР	СЕБЕПТЕР	АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ
Құрылғы қосылмайды.	Құрылғы электр қуатының желісіне қосылмаған.	Құрылғы дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз және үтік пен бойлерді қосу түймелерін басыңыз.
Бу құрылғыдан шығады.	Максималды қысым бойынша қорғау жүйесі іске қосылды.	Құрылғыны дереу сөндіріңіз және өкілетті сервис орталығына жүгініңіз.
Су үтік табанының саңылауларынан төгіліп тұр.	Үтік термореттегішінің тұтқасы 8-суретте белгіленген бөлім шегінде емес	Үтік термореттегішінің тұтқасын 8-суретте белгіленген бу бөлімінің шегінде орнатыңыз.
	Су түтік ішінде сұйылтылған, себебі бу алғаш рет беріліп тұр немесе жүйе ұзақ уақыт бойы қолданылмаған.	Үтікті үтіктеу тақтасынан теріс бұра отырып, су беру түймесін бірнеше рет басыңыз: бұл бу өткізу контурынан суық суды жоюға мүмкіндік береді.
	Үтіктеу жүйесі тұрақсыз және/ немесе көлбеу жазықтықта орналасқан.	Үтіктеу жүйесін тегіс әрі тұрақты жазықтыққа орналастырыңыз.
Үтіктің табанында қоңыр аққан сұйықтық ізі.	Бакка химикаттар немесе қақпан қоспалар құйылған.	Ешбір жағдайда бойлерге химикаттар құюға болмайды (қысқаша нұсқаулықтағы ұсынымдарды қар.). Табанын ылғал матамен тазалаңыз.
Құрылғыны алғаш қосу кезінде будың пайда болғаны байқалады.	Кейбір бөліктер алғашқы қыздыру кезінде буланатын герметикалармен/жақпалармен тазартылады.	Бұл қалыпты нәрсе, бірнеше рет пайдаланылғаннан кейін булану жоқ болып кетеді.
Құрылғы тербеліспен жалғасатын үзік-үзік шу шығарады.	Бұл сорғының бойлерге су беруімен байланысты.	Бұл қалыпты саналады.
Құрылғы тербеліспен жалғасатын тұрақты шу шығарады.		Үтіктеу жүйесін сөндіріңіз және өкілетті сервис орталығына жүгініңіз.